

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама №-----12

Қосбөлтек ауылы

15.03.2024ж

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша жүргізілген іс шара барысында «Мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу сапасы» тақырыбында әдіскер С.Жуманалинаның ұйымдастырумен пікір алмасу жүргізілді. Пікір алмасу барысында бүгінгі күннің талабы баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рол атқаратыны белгілі. Білім беру сатыларында нәтижелі дамуды айқындайтын негіз балабақшада қаланатыны баршамызға мәлім екенін білеміз. Балабақша ол үйрететін орта, ал оның жүрегі тәрбиеші. Педагог өз ісін балабақшаны шексіз сүйетін адам. Оның атқарар жұмысы, балаға берер тәрбиесі өте үлкен жұмыс. Топтарда интерактивті тақталар электрондық оқулық, ертегілермен қамтамасыз етілген. Балабақшада тәрбиеші дәстүрлі емес ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ұйымдастыру балалардың ынтасын арттырады. Әрбір педагог ұйымдастырған іс-әрекеттерінде көрнекіліктер мен байланыстырып отыратынын атап өтті.

Ата-аналарға өз пікірлерін ортаға салуды ұсынды.

Келесі сөз кезегін ата-ана Р. Абдиманова өз ойын ортаға сала отырып, тәрбиеші ең алдымен жан-жақты білімді болады. Олардың жауапкершіліктері өте үлкен. Отбасында балаға деген жауапкершілікті сезінеміз бірақта кісі баласына жауапкершілікпен қарау үлкен мәселе. Тәрбиешілердің жұмыстары ауыр екенін білеміз. Ол кісілерге тек сәттілік тілейміз деп айтты. Тәрбиеші балаға үйрету барысында әрине түрлі көрнекіліктер, өзіңіз атап өткендей электронды ернтегілер, оқулықтар қолданады. Біз отбасымызда әлбетте электронды ертегілер, оқулықтар пайдаланбаймыз, олардың көретіні тек телефон болғандықтан аса мән бере бермейміз деп атап өтті.

Хатшы:  Мақсымханова Ф.